

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

## АБАЙТАНУ

ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР

IV том

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2015

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Каз)

А 13

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетті филология, өдебиеттану және олем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі және*

*Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

*(№6 хаттама 26 маусым 2015 жыл)*

*Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеттің жаңындағы*

*Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

### **ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС**

Ж. Дәдебаев (төраға), Ә. Әбдіманұлы, З. Бисенгали, Т. Есембеков, Б. Жакып,

А. Жақсылықов, Қ. Мадібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейтжанов, Ә. Тарак,

А. Темірболатова, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының жетекшісі), И. Әзімбаева (жауапты хатшы), Ә. Жапарова (хатшы)

### **Пікір жазған**

филология ғылымдарының докторы, профессор **Қ.Қ. Мәдібаев**

### **Жалпы редакциясын басқарған**

филология ғылымдарының докторы, профессор **Ж. Дәдебаев**

### **Құрастырып, түсініктерін жазғандар:**

П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

### **Жауапты редактор**

филология ғылымдарының докторы, профессор **Б. Жакып**

**А 13 Абайтану.** Таңдамалы еңбектер. IV том. Ойлар мен толғаныстар /  
құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Көрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ; жауапты ред. Ә. Тарак; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Ал-  
маты: Қазақ университетті, 2015. – 279 б.

**ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)**

**ISBN 978-601-04-1285-9 (IV том)**

Абайтану ғылыми бойынша жарық көріп отырған таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішшүү Назарбаевтың «Абай тұралы сез» толғауымен ашылған. Төртінші томға абайтану саласында 1960 жылдан 1980 жылға дейін жарық көрген, уақыт сыйнан еткен, ғылыми қауым мен көшпіліктен лайықты бағасын алған зерттеулер мен макалалардың таңдамалылары енген.

Кітап орта мектептің жоғары сыйнап оқушылары мен жоғары мектепте білім алушы жастарға, ғылым мен білім, мәдениет мамандарына, мемлекет қызыметкерлеріне, сондай-ақ калын көшпілікке арналған.

IV томға енген таңдамалы еңбектер елдін ынтымалы мен бірлігінің нығаюына, интеллектуалдық, әлеуеттің артуына, когамдық сананың дамуына ықпал етеді.

Том «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

**ӘОЖ 821.512.122.0**

**КБЖ 83.3(5Каз)**

ISBN 978-601-04-1617-8 (ортак)

ISBN 978-601-04-1285-9 (IV том)

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ жаңындағы

Абай ғылыми-зерттеу институты, 2015

**Нығмет Ғабдуллин**

**АБАЙ СӨЗДІ БҰЛАЙ САПТАМАСА КЕРЕК**

**(Абайдың И.А. Крыловтан аударған**

**мысалдары тұрасында)**

Абайдың өмірі мен творчествосын ұзақ жылдар бойында жан-жакты, терең зерттеген Мұхтар Әуезов ұлы ақынның И.А.Крыловтан аударған шығармаларын талдай келіп, мынадай тұжырым жасайды: «Мен өзімнің бала күнімнен білетін, есқи қолжазбаларды еске алғанымда, Абайдың Крыловтан жасаған аудармаларын төрт-бестен артық деп айта алмаймын. Олары: 1. «Есек пен бұлбұл»; 2. «Бүркіт пен қарға»; 3. «Шегіртке мен құмырска»; 4. «Тұлқі мен қарға»; 5. «Піл мен қанден» (М. Әуезов. Әр жылдар ойлары. А, 1959, I66-бет).

Абайдың И.А.Крыловтан тәржімалаганы деп, ақын шығармаларының толық жинақтарына сингізіліп жүрген аудармалары – 13 мысал. М.Әуезов жоғарыда өзі көрсеткен бес мысалдан басқалары Абайдың аударғаны емес, Абай шығармаларының жинағына жаңсақ қосылып кеткен деп санайды. Бұл мысалдардың саны сегіз. Олар: «Емен мен шілік», «Қазаға ұрынған кара шекпен», «Жарлы бай», «Әншілер», «Ала қойлар», «Қарға мен тұлқі» («Боқтықта талтаңдап»), «Бақа мен өгіз», «Есек».

Абай – қазақ поэзиясында аударма өнерінің, мұны таратып айтсақ, дәл аударманың, еркін аударманың, нәзира әдісімен жарысудың классикалық шебер үлгілерін жасаған. Орыстың Пушкиндей, Лермонтовтай, Крыловтай ұлы ақындарынан тәржіма жасағанда, Абай олардың кез-келген өлеңін аудармаған, шертер сыры өз көнілінің күйіне ете жақын үйлесетін және, сонымен қатар, өзінің туған жұртының ұғына мазмұны сонша түсінікті шығармаларды ғана тандаған. Қазақтың ұлы ақынның Крыловтан аударған шығармалары осылар ғана деп, М. Әуезов көрсеткен бес мысалдың ашы мысқылы Абайдың төл сатирасымен қандай үндесі барын Үлкен сөз зергері дәл байқаған: «Абай Крылов мысалдарынан әсірелесе орыс халқының

Крылов заманындағы әлеуметтік, саясаттық ерекшеліктерінен туган әжұа, сатира жақтарын көп алмайды. Оның орнына «өз окушысына онай, ұғымды боларлық, жалпы адам баласының қай қауымына болса да онай үйлесетін мысалдарды бұрынырақ аударуға талап еткен».

Крыловтың бүкіл мысалдарын Белинский үш жікке бөледі:

- 1) Бірыңғай өсiet (мораль) айтуға құрылған «Емен мен шілік» сияқты мысалдарды бір топқа қосады және бұлардың әнгімесі де, көркемдігі де әлсіз деп санап, бұл шығармаларында Крылов әлі шебер емес, басқаға еліктеуші шәкірт іспеттес дейді;
- 2) «Өсietшілдік бағыт ақындықпен шарпысып» отыратын «Еsec пен бұлбұл», «Тұлқі мен қарға» сияқты мысалдарды екінші топқа жатқызады;
- 3) «Айна мен маймыл», «Шортан», «Тұлқі мен суыр» сипаттас мысалдарды әрі сатиralық, әрі поэзиялық жағынан ең көркем улгілер деп, бәрінен де жоғары қойып, үшінші жікке топтайды.

Абай Крылов мысалдарының осы ерекшеліктерін – «әде-биеттік ерекше қасиеттерін жақсы аңғарған, Белинскийше анғарған», – дейді Мұхтар Әуезов. Абайдың аудармалары көбінесе Крыловтың Белинский атаған екінші топтағы мысалдары екенін айырықша атап айтады.

Абай Крыловтың өсietке құрылған бірінші топтағы мысалдарына онша қызықпаған секілді. Өз елінің ескі билері мен білімсіз ақындарының ақылгөйсіп, мақалдалап сөйлегенін мін санаған Абай орыс ақынының өсiet айтатын мысалдарына да сол тұрғыдан қарап, олқысынған тәрізді. Абайдың бұл топтан аударғаны, М.Әуезовтің көрсетуінше, жалғыз ғана мысал («Стрекоза и Муравей»). Және мұнда Крыловтың инелігін өзгертіп, қазақ тұрмысына жақындастып, казак окушысының ұғымына қонымдырақ қып, шегіртке етіп алады.

Абай Крыловтың Белинский үшінші топқа жатқызған мысалдарынан аударма жасамаған дейді М.Әуезов. Сатирасы да аса уытты, поэзиялық бітімі де ерекше көркем пішілген бұл мысалдарында Крылов өз заманындағы орыс қоғамының әлеуметтік һөм саясаттық ерекшеліктерінен туган кеселдерді

аяусыз сынап, өлтіре әжуалайды. Орыс қоғамының ұлы сатирик абызы мысқыл еткен бұл көріністері Абай заманындағы қазақ жүрттына түсініксіздеу еді. Ал түсініксіз нәрсенің тағылымы аз болады. Абай мұны терең сезінген, Крыловтың үшінші топтағы мысалдарын сондықтан аудармаған.

Мұхтар Әуезов Абайдың аудармалары емес деп санаған сегіз мысалдың екеуі («Емен мен шілік», «Бақа мен өгіз») бірінші топтан, үшеуі («Қарға мен тұлқі», «Жарлы бай», «Есек») – екінші топтан, үшеуі («Қазага ұрынған қара шекпен», «Әншілер», «Ала қойлар») – үшінші топтан алғынған. Бұл мысалдардың («Қарға мен тұлқіден» басқасының) әнгімесі мен нысанасы Абайдың қалаған талабына – жоғарыда өзіміз айтып өткен өлшемге онша сәйкес келе қоймайды.

Абайдың Крыловтан аударғаны осылар ғана деп М.Әуезов атаған бес мысалдың жөні бөлек. «Есек пен бұлбұлда» қадірлінің қасиетін танымаған надан келеке етіледі, «Қарға мен бүркітте» әлін білмеген әлек әжуаланады, «Шегіртке мен құмырсқада» еңбекке қырсыз ебелектер, «Тұлқі мен қарғада» беті жылтыр, сөзі жылман, арам қулар шенеледі, «Піл мен қанденде» өзінен зорға сыртынан жұдырық түйгеніне дүрдиетін ақылсыздар сыналады. Осы ұнамсыз кейіпкерлердің бәрі де – Абай заманындағы қазақтарға бейтанис емес еді, өз орталарынан, өз қоғамының өмірінен күнде көріп жүрген адамдары болатын. Мына мысалдарда әнгімеленген оқиға-әрекеттер суреттері сол сүйкімсіз типтердің жағымсыз бейнелерін қазақ оқырмандарының көз алдына елестеткен. М.Әуезов Абайдың Крыловтан аударғаны осы бес мысал ғана, қалғандары оның аудармалары емес деп көрсеткенде, ен алдымен, негізге алған дәлелі – осы жағдайлар.

Үлкен сөз зергерінің өзге сегіз мысалды Абайдың аудармалары санатына қоспай, бұлар – басқа адамдардың жасаған аудармалары деуінің екінші дәлелі және ең күшті айғағы – сол сегіз мысалдың көркемдік дәрежелерінің тым төмендігі, тілінің реңсіздігі, сөз саптасы Абайдың «тілге женіл, жүрекке жылы тиетін» сұлу өрнегіне мүлде қабыспай түрғандығы.

Алдымен үйқастарының түріне көз салыңызшы:

Біліп кеп тұрган ләпкесін,  
Бұзып, талқан етіпті.  
Тұқ қалдымай әммесін,  
Үлтепті де кетіпті

(«Қазага ұрынған қара шекпен»)

Аузын жимай бір адам  
Кіріп келді тесіктан.  
Жәдігөй ме? Шайтан ба?-  
Әйтеуір әлгі сөзді есіткен.  
Келе сала сойлейді-  
Байлықты керек қылдың сен.  
Қылайын деген ісінде  
Мен есіттім байлықпен...

Өз-өзінен бір бақа  
Күшенді де, бертінді.  
Карны үлкейді қампайып  
Оғіздей болам деп ісінди.

(«Бақа мен өгіз»)

Осы шумақтарда Абайша өрілген, «тас бұлақтың суындаі сылдырап жатқан келісім» бар ма? Өлең жолдарының сүрен-сіздігін, үйқастарының қиуы хетіп, олак әйелдің олпы-солпы пішілген көйлегінің қиқы-жиқы тігісіндей ұқсыны қашып тұрғанын дәлелдеудің де кажеті болмас.

Ал енді мына сөйлемдердің сиқына қараңызшы:

«Торғайға да майысып солқылдайсың» («Емен мен шілікте» еменнің тәкаббарсып шілікке айтатын сөзі). Бұл арада шіліктің басына торғай кеп қонғанда, осындаі кішкентай құсты да көтере алмай, сабағынан иіліп майысып кететін әлсіздігі сөз етілуі керек. Сол мағынасы жоғалып кеткен. «Торғайдан да өзінде төмен қойып, оған да кішірейіп иіліп тұрасын» деген өзге мағына туып тұр. Мысалдың уытты кекесіні мұлде солғын тартып қалған.

«Ояна келсе дап-дайын, қайыршы болу, қап салу» («Қазага ұрынған қара шекпен»). Осы сөйлемдегі «қап салуға» жол болсын! «Қап арқалай» десе бір сәрі. Бірақ қайыршы ғана қап арқалай ма?

«Иттеніп жүріп өлмей ме?» («Жарлы бай»). «Иттеніп жүріп» деген не сөз? Қазақ «итшілеп жүріп» дейді ғой.

«Тырп етпес менің күшім жауын, желге» («Емен мен шілік»). «Күшім тырп етпейді» деп қай қазақ айтады?

«Ыңқыл қағып, тыптырлап», «Іш жарылды сыйырлап» («Бақа мен өтіз»). Бұл сөйлемдерді оқығанда, құларсіз бе, кейірсіз бе? «Ыңқыл қағып» үзілгелі жатқан сорлының тыптырлауға шамасы бар ма? Иш «сыйырлап» жарыла ма? Сыйырлап ағаш сынады, іш тысырылап жарылады.

«Құр айғай салған сәндері» («Өншілер»)). Біріншіден, қазақ тілінде «сән» деген сөзге көптік жалғауы жалғанып, «сәндер» деп айтылмайды. Екіншіден, «сәні айғай салады» деген жөні тұзу сөз бе?

«Қошамет қылып бәрлері», «Шомын да жөндеп ерттейді» («Есек»). «Бәрлері» несі? Біздің қазақ «бәрі» немесе «барлығы» деп айтпай ма? «Шомды ерттегені» қалай? Ол ат емес қой ерттейтін.

Міне, осылар тақылетті орашолақ, тіпті қазақша құрылмаған жарымжан сөйлемдерді Абайға қалай телірсіз?

Енді мына бір жолдарға назар аударыңызышы:

Өзі кедей құңғренді,  
Өзі көрген байлардың  
Мінезінен жиринді.  
Өзіне-өзі сейлейді

(«Жарлы бай»)

Алтын үсте жүргенде  
Сол қадырмен көп жүрген.  
Өз ойында көк есек  
Озгеше тұдым деп жүрген

(«Есек»)

Осы шумактардың көркемдік бояудан жүрдайлығын айтпағанның өзінде, бірінші төрт жолда «өзі» деген сөз төрт мәрте, екінші төрт жолда «жүрген» деген сөз үш мәрте қайталанып, автор тілінің тым жүдеулігін көрсетіп түрған жоқ па?

«Қарға мен тұлқінің» екінші аудармасында («Боқтықта талтандап») анқау қарға тұлқінің аярлықпен мақтанғанына масаттанып, аузындағы ірімшіктен айырылып қалатын көрініс былай берілген:

Барынша көсіліп,  
Ыргалып қарқ етті.  
Ірімшік жерге салп етті.  
Тап етті, шап етті,  
Ал кетті, кү тұлқі.

Бұл шумақтағы: «Қарқ етті, ірімшік жерге салп етті» деген ширап жолдар «Қарға мен тұлқінің» Абай аударған нұсқасынан («Жұрт біледі, құледі») алынған. Егер осы жолдарды қоспасақ, қалған сөздерінің тіпті жібі тұзу емес. «Барынша көсіліп» дейді. Жемін тістеп, бұтакта отырган құс көсле ме екен? Қарғаның аузынан салп етіп жерге түскен ірімшікке тұлқі «тап етті», «шап етті» дейді. Казақ осылай дей ме? «Тап берді», «шап берді» демей ме?

Міне, М. Әуезовтің Абайдың аудармалары емес деген сегіз мысалда, жоғарыда көрсетілгендей әрсіз, нәрсіз, сүренсіз жолдар, қиуы қашқан олақ сөйлемдер, ұнасымы жоқ, тіпті, қазақша емес сөздер, тізе берсеніз, аяқ алғып жүргісіз. Тіл – «өткірдің жүзі, кестенің бізі» деп, сөз қадырын бійкке көтерген, «өлең деген – әр сөздің ұнасымы» деп бағалаған ұлы Абай, «қазақта қара сөзге дес бермеген» шешен ақын сөзді дәл бұлай саптамаса керек.

Сонда бұл сегіз мысалды кім аударған? Осы аудармаларды Абайдікі деп санаушы әдебиетшілердің үш дәлелі бар: 1) Ақынның С.Петербургта 1909 жылы жарық көрген тұнғыш жинағында бұл аудармалар Абайдың шығармалары ретінде берілген; 2) Мұрсейіттің жазбаларында Абайдың аударғандары деп көрсетілген; 3) 1933 жылы ұлы ақынның М. Әуезов жинап, бастырып шығарған толық жинағына да сол жүйемен енгізілген (М. Әуезов бұл шығармаларды Абайдікі емес деп санаған болса, өзі құрастырған жинаққа оларды неге қосқан? деген сұрақтың тууы занды да).

Осы үш дәлелге байланысты бізге мынадай ойлар келеді:

1. Абайдың 1909 жылы шыққан алғашқы жинағын Кәкітай мен Тұрағұл баспаға өзірлегенде, ақынның шығармаларын өздерінше жіктеп, қарасөздерін, көнілдің қамырығын толғайтын бірқатар лирикалық жырларын және жеке адамдарға арналған кейбір аңы сатиравы өлеңдерін бұл кітаптан алған қалған. Ұлы әкелерінің атына сөз келтіріп алмайық деп, сақтық ойлағаны болар. Осылай еткен Кәкітай мен Тұрағұл Абайдың төнірсегіндегі оған туыс ақындардың Крыловтан аударған кейбір мысалдарды, өз әкеміздің атынан шыға берсін деп жинаққа қосып жіберуі де әбден ықтимал.

2. Мұрсейттің жазбаларына байланысты Мұхтар Әуезовтің былай деп айтқан пікірі бар: «Абайдың қолжазбасын көшірген Мұрсейт сияқты және басқа да толып жатқан адамдар, революцияға шейін және одан бері де, кейінгі бастируыштарға қателік жасардай бір қатерлі әдет қолданатын. Олар Абай өлеңдері мен поэмаларын көшіріп, кітап етуді мақсат етіп отырып, сол Абай өлеңдеріне қоса, Абайдың шәкірт ақындарының және Алтынсарин сияқты ақындардың, тіпті басқа замандас ақындардың да кейбір өлеңдерін, авторларын атамастан, қоса көшіріп жіберетін-ді».

Ендеше, Крыловтан Абай аудармаған, өзге адамдар тәржі-малаған, жогарыда аталған сегіз мысал Абай шығармаларының санатына осылай қосылып кеткен деуімізге қисын бар.

Бұл сегіз мысалды бір адам ғана аудармаған. Әр қолдан шыққандығы стилінен ап-айқын көрініп тұр. «Емен мен шілікті», бәлкім, Ақылбай аударған болар. Баяндау, бейнелеу әдістері, сөз саптасы соның өлеңдерінің мәнеріне келеді. «Емен мен шіліктегі», әсіресе, Кавказдан көтерілге қара бұлттың кескіні мен құтырған дауылдың суреттері Ақылбайдың «Дағыстан» поэмасында сипатталатын Кавказ табиғатының құбылыстарына өте ұқсас. Және бір жағдайға назар аударамыз: Крылов өз мысалының түп нұсқасында «Кавказ» деген сөзді теңеу ретінде қолданып, еменнің құдды сол Қап тауы сияқтанып, өзін занғар тұтып, такаббарсыған мінезін суреттейді. Аудармада осы көрініс өзгеріліп, Кавказға бір қара бұлт үйірілді, сол жақтан сұрапыл дауыл келді деп басқаша тұрде берілген. Ақылбай Крыловтың

мысалында айтылатын Кавказды өз поэзиясында суреттеген Кавказға үйлестіріп бейнелегісі келген секілді. Салыстырып көріңіз:

Кавказға бір қап-қара бұлт мінді,  
Естіп тұрган кісідей тау құніренді.  
Жер дүниені шаң, тұман қабат басып,  
Ойнақ қағып, құтырып дауыл келді

(«Емен мен шілік»)

Кавказдан қара бұлт шықты аспанға,  
Түсі сұық қорқыныш байқасқанға.  
Еңсергенде екпіні тау жыпқандаі,  
Шығар емес ешбір жан шайқасқанға.  
Бір түрлі жауын жауды сатыrlаган,  
Жұктей тас домаланып батыrlаган...

(«Дагыстан»)

Қазақ сөзінің қасиетін терең таныған ұлы ғұлама Мұхтар Әуезовтің осы пікіріне Абай аудармасын зерттеушілер неге ден қоймай келеді? Абайдың көркемдік мәнеріне үйлеспейтін нашар өлеңдер, әсем өрнектің құлпырыған жібек жолдарының арасына қосылып кеткен буылтық-буылтық кендір жіп сияқтанып, бадырайып көрініп, ұлы ақынның сұлу өрнегіне нұқсан келтіріп тұрғой. Осыны неге ойламасқа?

Абай поэзиясын зерттеуші белгілі ғалым Зәки Ахметов «Білімдіден шықкан сөз» деген мәқаласында («Егеменді Қазақстан», 22 қаңтар, 1994) біздің осы пікірімізге дау айтады. Бірінші дәлел: М. Әуезов Крыловтан аударылған өлеңдерге 1953 жылы С.Нұрышевтің жалақор сөзіне байланысты, «қатты шүйілсе де, 1957 жылы жарық көрген, өзі басқарып, тікелей қатысқан жинақты дайындау үстінде, Крыловтан аударылған деп саналып жүрген бір де бір мысалға шек келтірген емес, алып тастайық деген жоқ», – дейді. Екінші дәлел: Абай Крылов мысалдарын еркін тәржімалады, олардың түпнұсқадағы сыртқы жыр өзгешелігін сактамай, «қазақ тілінде төл туынды болып шығатын сарындаас аударма беруді мақсат еткен... Сондықтан түпнұсқадан алшақ түсін жері олардың кемшілігі емес», – дейді.

Бұл екі дәлелдің біріншісіне біздің қарсы қояр дәлеліміз: М. Әуезов жоғарыда өзі көрсеткен бес мысалдан басқалары Абайдың аударғаны емес деген пікірін, ақын шығармаларының З. Ахметов атап отырган 1957 жылы жарық көрген жинағынан соң екі жыл кейін – 1959 жылы шыққан «Әр жылдар ойлары» кітабында еш өзгертуеген, алтып тастамаған. Демек, бұл – соңғы байлауы.

Ал, З. Ахметовтың екінші дәлеліне байланысты айтарымыз: Абайдың аударғаны емес деп көрсетілген мысалдардың міні – олардың еркін аударылғандықтан, түпнұсқадағы түр ерекшеліктері сақталмағандығында емес. Негізгі үлкен кемістігі – тілінің суренсіздігінде, сөздерінің қалауы келіспей қионы қашып жатқандығында. Біздің басты дәлеліміз: шебер ақын Абай сөзді бұлай саптамаса керек. Және бұған қосып айтарымыз: Абай Крыловты өзінің тәржімашылық тәжірибесі молайған кезінде қолға алған. Абайұлы Тұрағұл жазады: «Крыловтан переводтарын 94 жылы Недоров деген уезнай елге келгенде, менің әкемнің Лермонтовтың өлеңдерін перевод еткенін естіп, менің әкеме айтты: «Сіз Крыловты перевод етіңізші, қазақтың ұғымына сол қолайлы, женіл ғой», – деп. Содан кейін Крыловты перевод етіп еді» (Т. Құнанбаев. Әкем Абай туралы («Ана тілі», 1993).

Осылың бәрін өлшем етіп қарасақ, Крыловтың жоғарыда аталған сегіз мысалының нашар аудармасы Абайдың тәржімасы емес деген пікірдің өте қисыны бар.

## ТҮСІНІКТЕР

1. Кенжебаев Б. Абай Құнанбайды / Кенжебаев Б. Баспасөз бетінде жарияланған: Қазақ әдебиеті тарихының мәселелері (мақалалар жинағы). – Алматы: Ғылым, 1973. – 61-90-беттер; Абай институтының вебсайты.
2. Мырзахметов М. Абай өмірбаяны – абыттанудың іргелі саласы. Баспасөз бетінде жарияланған: Мырзахметов М. Мұхтар Өуезов және абыттану проблемалары. – Алматы: Ғылым, 1982. – 12-27-беттер; Абай институтының вебсайты
3. Қасқабасов С. «Ескендір» поэмасының сюжеттік негізі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 224-237-беттер; Абай институтының вебсайты.
4. Магауин М. Абайдың белгісіз әңгімесі. Баспасөз бетінде жарияланған: Магауин М. Шығармалар жинағы. Он үш томдық. Онының том: Ой, толғамдар. – Алматы: «Қағанат-ФМО» баспасы, 2002. – 76-92-беттер.
5. Елеуекенов Ш. Абайдың эпистолярлық романы. Баспасөз бетінде жарияланған: Пушкин – Абай және қазақ әдебиеті: халықаралық ғылыми конференцияның материалдары. – Алматы: Unique Service, 2006. – 49-60 б., Абай институтының вебсайты.
6. Сыздыкова Р. Абай тілінің зерттелуі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 324-344-беттер; Абай институтының вебсайты.
7. Ысқақов А. Абай және қазақ әдеби тілі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 305-324-беттер; Абай институтының вебсайты.
8. Әлімкүлов Т. Жұмбақ жан (үзінді). Баспасөз бетінде жарияланған: Әлімкүлов Т. Жұмбақ жан. Әдеби-сын зерттеу. – Алматы: Жазушы, 1993. – 3-24-беттер; Абай институтының вебсайты.
9. Әшімбаев С. Ақын жаңын жабырқатқан жайлар. Баспасөз бетінде жарияланған: Әшімбаев С. Екі томдық шығармалар жинағы. Екінші том. Әдеби сын. – Алматы, 2007. – 91-112-беттер; Абай институтының вебсайты.
10. Ысмағұлов Ж. Абай аудармаларындағы Пушкин. Баспасөз бетінде жарияланған: Пушкин – Абай және қазақ әдебиеті. – 61-68-беттер; Абай институтының вебсайты.
11. Байжанов С. Абайға қатысты кейбір архив деректері. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 403-403-425-беттер; Абай институтының вебсайты.
12. Әбетов Ф. Абай шығармаларында би-болыс, ояз-бастықтардың сатириалық типтері. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың өмірі мен творчествосы. Мақалалар жинағы / ред. басқ. М. Ақынжанов және З. Ахметов. – Алма-Ата: ҚазССР ҒА баспасы, 1954. – 143-161-беттер; Абай институтының вебсайты.

13. Нарымбетов Ә. «Сегіз аяқ» – Абай поэзиясы көркемдігінің шырқау шыны. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай дәстүрі және қазіргі қазақ әдебиеті: Республикалық ғылыми-теориялық конференцияның материалдары. – Алматы: М. Өуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының баспа орталығы. – 2007. – 83-88-беттер; Абай институтының вебсайты.
14. Бельгер Г. Абай мен Гете. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 173-194-беттер; Абай институтының вебсайты.
15. Фабдулин Н. Абай сөзді бұлай саптамаса керек. Баспасөзде жарияланған // Егемен Қазақстан. – 1993. – 19 қазан; Абай институтының вебсайты.
16. Егеубаев А. Адамшының алды – ар, ақыл. Баспасөз бетінде жарияланған: Аскар Егеубаев. Кісілік кітабы (ғылыми эссе). – Алматы: Ана тілі, 1998. – 202-218 беттер; Абай институтының вебсайты.
17. Майтанов Б. Абай тұлғасының ерекшелігі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай институтының хабаршысы. – 2010. – №4; Абай институтының вебсайты.

## **МАЗМҰНЫ**

Кенжебаев Б. Абай Құнанбайұлы .....	3
Мырзахметов М. Абай өмірбаяны – абайтанудың іргелі саласы .....	22
Қасқабасов С. «Ескендір» поэмасының сюжеттік негізі .....	37
Магауин М. Абайдың белгісіз әңгімесі .....	51
Елеуkenов Ш. Абайдың эпистолярлық романы .....	68
Сыздыкова Р. Абай тілінің зерттелуі .....	79
Ысқақов А. Абай және қазақ әдеби тілі .....	101
Әлімқұлов Т. Жұмбақ жан .....	121
Әшімбаев С. Ақын жаңын жабырықатқан жайлар .....	140
Ысмагұлов Ж. Абай аудармаларында Пушкин .....	162
Байжанов С. Абайға қатысты кейбір архив деректері .....	170
Әбетов Ф. Абай шыгармаларында би-болыс, ояз-бастықтардың сатиравы .....	193
Нарымбетов Ә. «Серіз аяқ» – Абай поэзиясы коркемдігінің шырқау шыны .....	213
Бельгер Г. Абай мен Гете .....	217
Ғабдуллин Н. Абай сөзді булай саптамаса керек .....	240
Еғеубаев А. Адамшылық алды – ар, ақыл .....	249
Майтанов Б. Абай тұлғасының ерекшелігі .....	267
Түсініктер .....	276

Оку басылымы

**АБАЙТАНУ  
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР  
IV том  
Ойлар мен толғаныстар**

Кұрастырып, түсініктерін жазғандар:  
П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *K. Мұхадиева*  
Компьютерде беттеген *Y. Әбдіқайымова*  
Мұқабасын безендірген *K. Өмірбекова*

**ИБ№8879**

Басуға 22.12.15 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.  
Көлемі 17,0 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыш. Тапсырыс №1509.  
Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.  
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.